



201__ жылғы _____
года _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__

№ _____

№ _____

№ исх: 20-8/1781 от: 13.07.2017

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
З.Ж. Аманжоловаға**

2017 жылғы 15 маусымдағы № ДС-161

Құрметті Зәуреш Жұманәліқызы!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің (бұдан әрі – Есеп комитеті) 2016 жылғы есебінде денсаулық сақтау кадрларын даярлау мәселесі бойынша әртүрлі ақпараттың берілуі туралы Сіздің депутаттық сауалыңызға қатысты мынаны хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) Стратегиялық жоспарында 2016 жылдың қорытындысы бойынша дәрігер кадрларының тапшылығын 2095 штаттық бірлікке дейін төмендету көзделген.

Аталған көрсеткіш Қазақстан Республикасы өңірлерінің статистикалық деректеріне сәйкес бос емес штаттық лауазымдар негізінде жылына 1 рет қалыптастырылады.

Министрлік Есеп комитетінің сұрауына сәйкес (2017 жылғы 27 ақпандағы №18-3-9/845 хат) «Дәрігер кадрларының тапшылығын төмендету» көрсеткіші бойынша: жоспар 2095 болғанда нақты 0 деген ақпаратты «Аталған көрсеткіш денсаулық сақтаудағы ресми статистикалық мәліметтер негізінде қалыптасады. Ақпарат жылына 1 рет жинақталады. Ақпарат алдын ала статистикалық мәліметтер жинақталғаннан кейін ағымдағы жылғы ақпанда ұсынылады.» деген ескертумен ұсынған.

Үкіметтің Есебінде Министрлік ресми статистика болып табылмайтын көрсеткіштің алдын ала мәліметтерін – облыстардың, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармалары ұсынған ақпараттар негізінде қалыптастырылған жоспарлы 2095 болған жағдайда 1 854,25 штат бірлігі деген ақпарат ұсынған.

Есеп комитеті мемлекеттік аудиттің негізгі қағидаттарына сәйкес есепті қалыптастыру кезінде мемлекеттік статистиканың объективті деректерімен расталмаған алдын ала деректерді көрсетпеген.

Банк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕККЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарғанда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВУЕТ. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

13.07.2017 ЭҚАБЖ МО (7.20.0 нұсқасы) Копия электронного документа. Положительный результат проверки ЭЦП.

Ресми статистикалық ақпаратты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті осы уақытқа дейін орналастырған жоқ.

Қазақстанда денсаулық сақтау саласының еңбек және адами ресурстар нарығының дамуын тиімді мониторингілеу және болжауды, кадрларды даярлауды басқару және жоспарлаудың заманауи әдістерін енгізуді қамтамасыз ету мақсатында Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығының жанынан Денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстарының обсерваториясы (бұдан әрі – Обсерватория) құрылды.

Обсерватория тиісті әдістемелер дайындады (*жоспарлау және болжау әдістері, статистикалық есеп жүргізу, денсаулық сақтаудың кадр ресурстарының тапшылығын анықтау және басқа*).

Осылайша, жүргізілген зерттеулердің негізінде ағымдағы жылы денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстарын есепке алу жүйесін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, Евростат стандарттарымен сәйкестендіру мақсатында денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстарының статистикалық есебі бойынша нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізілді (*Министрліктің 2017 жылғы 22 ақпандағы №31 бұйрығы*).

Денсаулық сақтау саласының кадрлық әлеуетін мониторингілеу және тиімді пайдалану мақсатында 2018 жылғы медицина қызметкерлерінің дербестендірілген есебін жүргізуге мүмкіндік беретін Кәсіби тіркелім енгізілетін болады.

Дәрігер кадрлардың тапшылығын азайту мақсатында Министрлік амбулаториялық - емханалық деңгейде, оның ішінде ауылда «Педиатрия» және «Акушерлік және гинекология» мамандықтары бойынша интернатура түлектерін клиникалық практикаға жіберу туралы мәселені қарастыруда.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев



201__ жылғы _____
года _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__

№ _____

№ _____

Депутату
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Аманжоловой З.Д.

К № ДС-161 от 15 июня 2017 года

Уважаемая Зауреш Джуманалиевна!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос о разнящейся информации в отчете Правительства Республики Казахстан и Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета Республики Казахстан (далее – Счетный комитет) за 2016 год по вопросу подготовки кадров здравоохранения, сообщаем следующее.

Стратегическим планом Министерства здравоохранения Республики Казахстан (далее – Министерство) предусмотрено снижение дефицита врачебных кадров по итогам 2016 года до 2095 штатных единиц.

Данный показатель формируется на основе статистических данных регионов Республики Казахстан по незанятым штатным должностям, с периодичностью 1 раз в год.

Вместе с тем, Министерством в соответствии с запросом Счетного комитета была представлена информация по показателю «Снижение дефицита врачебных кадров»: факт 0 при плане 2095 с примечанием следующего содержания: *«Данный показатель формируется на основании данных официальной статистики в здравоохранении. Информация формируется с периодичностью 1 раз в год. Информация будет представлена после предоставления предварительных статистических данных в феврале текущего года».*

В отчете Правительства Министерством представлены предварительные данные показателя - 1 854,25 штатных единиц при плане 2095, сформированные на основании информации, представленной управлениями здравоохранения областей и г.г. Астана и Алматы, что не является официальной статистикой.

Счетным комитетом в соответствии с основными принципами государственного аудита при формировании отчета не отражены предварительные данные без подтверждения их объективными данными государственной статистики.

Официальная статистическая информация Комитетом по статистике Министерства национальной экономики до настоящего времени не размещена.

С целью обеспечения эффективного мониторинга и прогнозирования развития рынка труда и человеческих ресурсов, внедрения современных методов управления и планирования подготовки кадров в области здравоохранения в Казахстане при Республиканском центре развития здравоохранения создана Обсерватория кадровых ресурсов здравоохранения (далее – Обсерватория).

Обсерваторией разработаны соответствующие методики (*методы планирования и прогнозирования, ведения статистического учета, определения дефицита кадровых ресурсов здравоохранения и другие*).

Так, на основе проведенных исследований в текущем году с целью гармонизации системы учета кадровых ресурсов здравоохранения со стандартами Всемирной организации здравоохранения, ЕвроСтат были внесены соответствующие изменения в нормативные правовые акты по статистическому учету кадровых ресурсов здравоохранения (*приказ Министерства № 31 от 22 февраля 2017 года*).

Для проведения мониторинга и рационального использования кадрового потенциала здравоохранения в 2018 году будет внедрен Профессиональный регистр, который позволит вести персонифицированный учет медицинских работников.

С целью снижения дефицита врачебных кадров Министерством прорабатывается вопрос о допуске к клинической практике выпускников интернатуры по специальностям «Педиатрия» и «Акушерство и гинекология» на амбулаторно-поликлиническом уровне, в том числе в селе.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

Б. Сагинтаев